Абай өлеңдеріндегі адами құндылықтар және ұлттық мінез көрінісі.

Абайдың өлеңдері қазақ поэзиясында ерекше орын алады. Оның әр өлеңінде терең мағына жатыр. Ол өлеңдерінде сөз көркемдігі мен заман мәселелерін ұштастыра отырып жазған. Және көбіне Абай Құнанбайұлы өз өлеңдерінде адами құндылықтар мен ұлттық мінез туралы саралап жеткізген. Сол адами құндылықтардың ішінде ғылым, білімге деген ұмтылыстан бастап, адамгершілік қасиетке дейін қамтыған. Және біз оны Абайдың бірнеше өлеңдерінен көре аламыз.

Біріншіден, барлығы білетін Абайдың „Ғылым таппай мақтанба" өлеңінде бес „қашық болу керек" және бес „асық болу керек" адами құндылықтары берілген. Абайдың „асық болу керек" бес нәрсесі – талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым. Автор үшін, яғни Абай үшін жаңағы бес нәрсе ең маңызды құндылықтар болып табылады. Осы құндылықтарды ұстану арқылы өмірде жетістікке жетесің. Ал „қашық болу керек" бес нәрсесі – өтірік, өсек, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ. Бұл құндылықтардан айырылып, аулақ болу керектігін жеткізген.

Екіншіден, Абайдың ең ерекше туындысы – „Сегіз аяқ" өлеңі. Бұл өлең өзінің құрылысымен ғана емес, ойдың сатиралық түрде жеткізілуімен де ерекшеленеді. Яғни Абай осы өлеңінде сол кездегі қазақ халқының адами құнды-

лықтарын сатиралық, сыни түрде жеткізеді. Халықтың адамгершілік қасиеті жоғалғанын, құндылықтарының өзгергенін қатты сынға алды. Айтақететін жайт, Абай шығармада „еңбек етсең ерінбей, тойды қарның тіленбей" мақалын қолдана отырып, еңбектің маңызын ашық айқындайды. Сонымен қатар, „біріңді қазақ бірің дос көрмесең, істің бәрі бос" деген сөзді қолдану арқылы қазақ халқына бірлік жетіспейтіндігін меңзеген.

Үшіншіден, „Қалың елім-қазағым, қайран жұртым" түсінігін да осы қатарға жатқыза аламыз. Осы шығармада ұлттық мінез көрінісі айқын бейнеленген. Бұл шығармада Абай отарлау саясаты кезіндегі қазақтарды сынға алды. „Өзіңдікі дей алмай өз малыңды" деген сөзі арқылы өз малынан айырылған қазақты сөгеді. Халықта ұлттық мінез, намыс пен ар-рух жоқтығын сынға алады.

Қорытындылай келсем, Абайдың өлеңдерінде адами құндылықтар мен ұлттық ұлттық мінез айқын көрініс табады. Және біз оны жаңа айтылған және басқа да өлеңдерінен көреміз. Кей өлеңдерінде адами құндылықтар жайлы өсиет ретінде жеткізсе, кейбірінде сынға алу арқылы жеткізген. Осы арқылы біз Абай өлеңдерінде адами құндылықтар мен ұлттық мінез үлкен көрініс тапқанын және Абай өлеңдері-

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 3

нің бізге берер мурасы мол екенін коре аламыз.